

## АНЫҚТАМА

**Күні:** 04-05.11.2025 ж

**Қатысқандар:** 2 сынып оқушылары Д.О, Е.С, Б.Н, М.А.

**Мақсаты:** Баланың ақыл-ойын (ойлау, есте сақтау, зейінді ) түзете-дамыту.

Жоғарыда аталған оқушылармен бірқатар жаттығулар жүргізілді. Атап айтсақ, ойлау қабілетін дамыту мақсатында "Не артық?", "Айырмашылығын тап", зейінін дамыту бойынша "Шатасқан сызықтар", Ұқсасын тауып сыз", "Қисындықтарды тап" жаттығулары жүргізілді.

**Қорытынды:** Оқушылардың қызығушылықтары артып, өз беттерінше жұмыс жасады.

**Ұсыныстар:** Оқушылардың ата-аналарымен әрдайым байланыста болып, бірлесіп дамыту, ата-ана тарапынан қадағалау, қолдау көрсету.

**Педагог-психолог:** О.Залова.

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізу сәтінен көріністер



## Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс

### АНЫҚТАМА

Күні: 18.12.2025 ж

**Мақсаты:** Оқушылардың танымдық процестерін (зейін, есте сақтау, қабылдау) дамыту арқылы оқу үлгерімін арттыру, оқу әрекетіне қызығушылығын қалыптастыру.

2-сынып оқушылары Е.С, Б.Н, М.А-ның оқу үлгерімінің төмен болуына байланысты танымдық процестерінің даму деңгейін арттыру мақсатында психологиялық-педагогикалық жұмыстар жүргізілді.

Аталған оқушыларда оқу материалын меңгеруде қиындықтар байқалады, атап айтқанда: зейіннің тұрақсыздығы, есте сақтау қабілетінің жеткіліксіздігі, қабылдау жылдамдығының төмендігі. Осыған байланысты түзете-дамыту жұмыстары ұйымдастырылды.

Жұмыс барысында келесі әдістер мен жаттығулар қолданылды:  
графикалық диктанттар – зейінді шоғырландыру, нұсқауды дұрыс орындау, кеңістікті бағдарлау дағдыларын дамыту;

нейропсихологиялық жаттығулар – ми қызметін белсендіру, есте сақтау мен зейінді дамыту;

«Артығын тап» жаттығуы – логикалық ойлау мен талдау қабілетін дамыту;

«Айырмашылығын тап» жаттығуы – зейіннің тұрақтылығы мен байқағыштықты арттыру.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде оқушыларда:

зейіннің тұрақтылығы мен шоғырлануы жақсарды;

есте сақтау қабілетінде оң өзгерістер байқалды;

қабылдау дәлдігі артты;


оқу тапсырмаларын орындауға деген ынтасы мен белсенділігі жоғарылады.

**Қорытынды:**

Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілген түзете-дамыту жұмыстары оң нәтиже берді. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру ұсынылады.

**Педагог-психолог: О.Залова**

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс сәтінен көріністер



№2Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

**АНЫҚТАМА**

Сұраныс бойынша үлгерімі төмен балалармен жұмыс жүргізу

**Күні: 20.01.2026ж.**

Мектептің сынып жетекшілерінің сұранысы негізінде оқушылардың зейін тұрақсыздығына байланысты психологиялық-педагогикалық түзете-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Атап айтқанда:

3 «Ғ» сынып жетекшісі С.Сыдыкованың сұранысы бойынша оқушылар Е.С, Б.Н-мен;

2 «Ғ» сынып жетекшісі Г.Исаеваның сұранысы бойынша оқушылар Қ.Д, С.Е-мен жұмыстар ұйымдастырылды.

Аталған оқушыларда зейіннің тұрақсыздығы, тез алаңдаушылық, тапсырманы соңына дейін орындамау сияқты ерекшеліктер байқалды. Осыған байланысты түзете-дамыту жұмыстарының мақсаты – зейінді тұрақтандыру, шоғырландыру және оқу әрекетіне белсенділікті арттыру болды.

Жұмыс барысында келесі әдістер мен жаттығулар қолданылды:

«Шульте кестесі» – зейіннің жылдамдығы мен шоғырлануын дамыту;

«Сандарды ретімен тап» – назарды тұрақтандыру және зейінді ауыстыру қабілетін жетілдіру;

«Қателерді тап» жаттығуы – зейіннің дәлдігі мен байқағыштықты арттыру;

«Тыңда да орында» жаттығуы – есту арқылы зейінді шоғырландыру және нұсқауды дұрыс орындау дағдыларын дамыту.

Жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп, оқушылардың жеке ерекшеліктері ескерілді. Тапсырмалар біртіндеп күрделендіріліп отырды.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде:

оқушылардың зейіні біршама тұрақтанды;

тапсырмаларды орындау сапасы мен жылдамдығы артты;

оқу әрекетіне қызығушылығы жоғарылады;



алаңдаушылық деңгейі төмендеді.

Қорытынды:

Сұраныс негізінде жүргізілген түзете-дамыту жұмыстары оң нәтиже берді.

Алдағы уақытта оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізу ұсынылады.

*Педагог-психолог: О.Залова.*



**№2Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі**  
**Оқушылардың танымдық қабілеттерін түзету-дамыту**

**А Н Ы Қ Т А М А С Ы:**

**Күні:** 04-05.02.2026ж.

**Сынып:** 3 сынып оқушылары

**Қатысқаны:** үлгерімі төмен оқушылар

**Тақырыбы:** Танымдық процестерін дамытуға арналған әдістемелер.

**Мақсаты:**Байқағыштығын, қабылдау ерекшеліктерін, есте сақтауын дамыту.

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің 3 сынып үлгерімі төмен оқушылармен танымдық процестерін дамыту мақсатында "Байқағыштық", "Не жетіспеді?" әдістемелері, қосымша нейропсихологиялық жаттығулар жүргізілді.

**Қорытынды:** Оқушылардың байқағыштық, қабылдаудың даму деңгейі 5-7 ұпай көлемінде орташа деңгейді көрсетті.

**Педагог-психолог:** О.Залова.

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс



## №2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінің психологиялық қызметі

### Анықтама

#### Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс

Мерзімі: 12.03.2026ж

Сыныбы : 1 сынып оқушылары Қ.Д, Е.С, Қ.А

**Жүргізілген психологиялық жұмыстың тақырыбы:**  
Нейропсихологиялық жаттығулар

**Мақсаты:** Үлгерімі төмен оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту, оқу материалдарын меңгеру деңгейін арттыру және оқу процесіне қызығушылығын қалыптастыру.

Оқушылармен: 1. "Айнадағы сурет": Баланы екі қолымен бірдей әртүрлі фигуралар салуға үйрету.

2. "Шатасқан жолдар": Баланы күрделі лабиринттерден өткізу.

3. "Сан және әріп жаттығулары": Қатардағы әріптер мен сандарды есте сақтап, ретімен айту.

4. Кросс-қимыл жаттығулары: Дененің оң және сол жақ бөлігін бір уақытта үйлестіру арқылы орындалатын жаттығулар.

**Қорытынды:** Бұл әдістер үлгерімі төмен оқушылардың оқу процесіне бейімделуіне және жеке қабілеттерін арттыруға мүмкіндік береді. Аталған жаттығуларды оқушылар аса қызығушылықпен орындап шықты.

**Нәтижесінде:**

- оқушылардың сабаққа қатысуға ынталары артты
- өз жетістіктеріне қуанып, өзіне деген сенімділігі артты

**Педагог-психолог: О.Залова**

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс сәтінен көріністер

